

**Қарағанды облысының білім
басқармасы Шахтинск
қаласы білім бөлімі басшысына
Онсович Н.Б**

Ақпарат

Қарағанды облысының білім басқармасына қарасты Шахтинск қаласы білім бөлімінің КММ «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектеп» әкімшілігі 21.11.2025 ж. № 4-03-15/1076 хатқа жауап ретінде төмендегідей ақпаратты жолдайды.

Білім басқармасының хаттамасына сәйкес және қаралған мәселелерді орындау мақсатында келесіні хабарлаймыз:

1.2.1-тармақ бойынша.

24 қарашаға дейін инклюзивті білім беруге қатысты НОБД деректерін толық сәйкестікке келтіру жұмыстары жүргізілді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты ақпарат тексеріліп, жаңартылды, жеке сипаттамалар, білім беру маршруттары және білім алушылардың статустары түзетілді.

1.2.2-тармақ бойынша.

Қызметтік аумақта тұратын балалар туралы деректер базасын қалыптастыру және жүйелі түрде жаңарту қамтамасыз етілді. Ақпарат сынып жетекшілерінің мәліметтері негізінде тұрақты түрде жаңартылып отырады. Өзгерістерді уақытылы енгізу бақылауға алынған.

1.2.3-тармақ бойынша.

Мектепте ЕББҚ бар балаларды қолдау кабинеті жұмыс істейді. Кабинетте педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог мұғалім қызмет көрсетеді.

1.3.1-тармақ бойынша.

Пандустар, тактильді көрсеткіштер, тұтқалар, ЕББҚ оқушыларға арналған әжетхана орнатылған. Көрсетілген жабдықтардың барлығы мектепте толық қамтамасыз етілген.

1.3.2-тармақ бойынша.

1 желтоқсанға дейін ЕББҚ бар балалардың психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес қосымша біліммен толық қамтылуы қамтамасыз

етілді. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, үйірме және секция бағыттары анықталды.

1.3.3-тармақ бойынша.

КММ «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектеп» ресми сайтында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ақпараттық айдар ашылып, толық толтырылды. Әлеуметтік желілерде ақпараттық-ағартушылық жұмыс тұрақты жүргізіледі.

1.3.4-тармақ бойынша.

Педагогтар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу бойынша біліктілікті арттыру курстарынан белгіленген мерзімде өтуде. Оқу кестесі құрылып, оның орындалуы бақылауда.



Орындаған: А. Тоймбетова

А. Есмаганбетов